

«Салауатты өмір салты» клубының өткізген іс-шаралары

Жыл сайын қыркүйек айында клубтың жұмыс жоспары құрылып, бекітіледі. Үйірме құрамында жеңіл атлетика, волейбол, үстел теннисі, баскетбол, футбол, тоғыз құмалақ, еркін күрес сияқты спорт секциялары бар.

2019-2020 оқу жылы	
Спорттық секциялар:	Студенттер саны:
Волейбол	615
Футбол	416
Ұлттық спорт	169
Барлығы:	1200
2020-2021 оқу жылы	
Волейбол	370
Футбол	375
Ұлттық спорт	169
Барлығы:	914
2021-2022 оқу жылы	
Волейбол	630
Футбол	420
Ұлттық спорт	185
Еркін күрес	25
Үстел теннисі	75
Барлығы:	1065

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында колледжде жыл сайын «Денсаулық фестивалі» өткізіліп, оған барлық топтар қатысады. Сондай-ақ 1 курс студенттері арасында «Көңілді старттар» сайысы, ұлдар арасында армрестлинг және гир көтеруден жарыс, сонымен қатар «Денсаулық күні», «Алтын күз» кросс жарысы, үстел теннисі, волейбол, баскетбол, футболдан колледж ішінде сайыстар өткізіледі.

2019 жылы халықтық және ұлттық спорт түрлерін дамытуға ықпал ету мақсатында «Бестас», «Тоғыз құмалақ», «Арқан тартыс» сияқты халық ойындары өткізілді. Бұл іс-шараларда үздік студенттер марапатталды: 2 курс II л/г «1» тобы Рүстемов Т., Ғайсин Р., Үсенов Б., Құрманов Е., «Арқан тартыс» бойынша қыздар арасында үздік топ 1 «Емдеу ісі» А., 2009 жылы 1 желтоқсанда I л/д «В», I л/д «С», I л/д «Д», II л/д «1», II с/д «1» топтарымен «ЖИТС – 21 ғасыр обасы» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

2019-2020 оқу жылында колледжде спорт түрлерінен «Денсаулық фестивалі», тоғыз құмалақ, үстел теннисі, волейболдан колледжішілік жарыстар өткізілді.



- 30.11.2019 ж Колледж жатақханаларында 1 курс студенттері арасында үстел теннисінен спорттық жарыс өтті.



31.10.19 - 11.01.19 Семей қаласының құрылыс колледжінде студенттер арасында «Тоғыз құмалақ» ойынынан жарыс өтті. Жарысқа қаладағы колледждердің 15 командасының қыздары қатысты. Колледж командасы 2 орынды иеленді. Біздің колледж командасының құрамында: Омарбекова Сезім, Құрманхаджи Мөлдір, Маговьянова Алия қатысты.





2019 жылдың 14 қарашасында Семей қаласында мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында парапауэрлифтингтен облыс чемпионаты өтті. Чемпионатқа облыстың әр өңірінен 35 спортшы қатысып, он салмақ дәрежесі бойынша жарыстар өтті.

Бұл сайысқа колледжіміздің массажист-инклюзив тобының студенті қатысып, Щепетин Олег 1-орынға ие болды, ол парапауэрлифтингтен Шығыс Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Бұламбаев Рустам 1-орын, Абулкасимов Ағыбек 3 орынға ие болды.



Қазақстан Республикасындағы Жастар жылы аясында ұйымдастырылған қаладағы жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушылары мен қызметкерлері арасында жеңіл атлетикадан қалалық жарыста колледж командасы жеңімпаз атанды. Колледжіміздің намысын ұстаздар Какенова Арайлым Каундыковна, Салимова Индира Фархатқызы, Балқанбеков Ерік Қалиақпарұлы, Болатұлы Ернар және Қасенов Руслан Асылханұлы қорғады. Командалық есепте олар 3 орынды жеңіп алып, спорттық рух пен салауатты өмір салтының жарқын үлгісін көрсетті.



2020-21 оқу жылында колледжде келесідей колледжішілік спорттық іс-шаралар өткізілді:

Колледж студенттерінің денсаулығын нығайту үшін ZOOM платформасында білім беру бағдарламасына сәйкес денсаулық тақырыбында сабақтар, пікірталастар жүйелі түрде өткізіліп тұрды. Дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен колледж студенттері арасында «Денсаулық үшін», «Тәні саудың жаны сау» тақырыптарында челлендж өткізілді. Онда «Тоғызқұмалақ», «Шахмат», «Волейбол» секциялары жұмыс істейді. Секцияға қатысатын студенттермен қашықтықтан оқыту кезінде ZOOM платформасында әңгімелесу жүргізілді, сонымен қатар дене жаттығуларының жинақтары берілді. Студенттеріміз қалалық колледждер арасында өткен чемпионаттарға, спорт және жеңіл атлетикадан бұқаралық спорт түрлерінен жарыстарға, 27.11.2020 ж. колледждің 1 курс студенттері онлайн сайысына белсенді қатысты.

2021-2022 оқу жылында колледжде тоғыз құмалақ, үстел теннисі, волейболдан спорт түрлерінен колледжішілік жарыстар өткізілді. 2021 жылдың 15-19 қарашасы аралығында Семей қаласының Шығыс Қазақстан технологиялық колледжінде студенттеріміз ІІІ облыстық туристік жарысқа қатысып, «Жұптық сайыста» ІІІ орынға ие болды. Команда құрамында : Мадияр Әуесханұлы, Таңат Мұратов., Балтабаева Алина., Глушко К., Кажиахметов Е., Қуанышбеков Б қатысты.





2021 жылдың 19 қарашасында Бородулиха кентінің ШҚО «Бородулиха колледжі» КММ-де техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Қазақ күресінен» облыстық «Барысы колледжі – 2021» жарысы өтті. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының қолдауымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілді. Турнирге 20 колледжден 29 спортшы қатысты. Біздің колледж атынан 3 «Қолданбалы бакалавр» 2 тобынан Мейрамбеков Бақытжан 70 кг салмақ дәрежесінде қатысып, 3 орынға ие болды. Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар дипломдармен, медальдармен және бас жүлде «Барысы колледжі -2021» белбеуімен марапатталды.



2022 жылдың ақпан айында Семейде жасөспірімдер арасында классикалық пауэрлифтинг пен классикалық стендтік пресстен Шығыс Қазақстан чемпионаты өтті. Семей қаласының Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғары медицина колледжінің студенті 2 «Мейірбике ісі» 3 тобының студенті Нұғыманов Әли 83 келі салмақ дәрежесінде 1 орынды иеленді. Құрмет грамотасымен және медальмен марапатталды.



2022 жылдың 6 наурызы қалалық «Тарлан» спорт кешенінде NOMAD MMA (әуесқойлық нұсқа) бойынша чемпионаты өтті. Ашық облыстық турнирге Өскемен, Көкпекті, Аягоза, Борадулиха және т.б командалар қатысты.

«Семей қаласының Дүйсенбі Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғары медицина колледжі» 4 спортшы қатысты:

Еркінов Асхат – 3 «Емдеу ісі» 2

Асемханов Мадияр – 1 «Емдеу ісі» А

Асемханов Данияр – 1 «Емдеу ісі» А

Сейдахмет Ернар – 3 «Зерт. диагностика» А

60 кг салмақта Сейдахмет Ернар чемпион атанса, 56 кг салмақта Еркінов Асхат, 78 кг салмақта Әсемханов Мадияр II орынды иеленді.

Білім ордамызда күрес секциясы бар, оған облыс, қала намысын қорғап жүрген шәкірттеріміз көп. Үйірменің жаттықтырушысы әрі жетекшісі спорт шеберіне кандидат Нұрахметов Берік Серікұлы.

Жарыс жеңімпаздары Шығыс Қазақстандық NOMAD MMA сертификаттарымен және медальдарымен марапатталды.



10-11.03.2022ж. «Көлік колледжі» КМК ШҚО арасында үстел теннисінен жарыс өтті.

Колледжімізден мына студенттер қатысты.

- 1.Амантай Аружан 1 сд «Ф»;
2. Гусарова Валерия 2 лд «А»
3. Зарыханова Қарақат 1 лд «Б»
- 4.Нұрланова Роза 2 лд «А»
- 5.Ясинов Нұрасыл 4сд «1»
- 6.Тілеуханов Ербосын 4лд «В»
7. Дәлелханұлы Таңат 3 лаб.диаг «А».

Қыздар командасы 2-ші, ұлдар 4-ші орынға ие болды.



14-18.2022 Семей қаласындағы колледждердің қыздар командалары арасында волейболдан біріншілік өтті. 10 команда қатысты. «Семей қаласының Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғары медицина колледжі» командасы 1 орынды иеленді. <https://semeynews.kz/kk/news/23475/>





2022 жылдың 6 мамырында Отан қорғаушылар, Жеңіс күні мерекесі қарсаңында колледжде «Полковник» аралында – Денсаулық күні іс-шарасы өтті. «Денсаулық күні» бағдарламасының әр түріне: 100 метрге жүгіру, ұзындыққа секіру, нысана лақтыру, көңілді старттар, арқан тартыс түрлері бойынша 1 курс студенттері үшін колледжде спорт мерекесі өтті. Жігіттер спорттық дайындықтарын, қайсарлығын, ептіліктерін көрсетті, сонымен қатар табиғат аясында жақсы демалды.

